

Теректі негізгі мектебі бойынша
2022-2023 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысының қорытынды есебі

2022-2023 оқу жылы



" Білімге ұмтылу еңбексүйгіштік пен отаншылдық қасиет" тақырыбы бойынша 1қыркүйек білім күніне арналған салтанатты жиыны өтті.

□Мақсаты: оқушыларға еңбектің адам үшін маңыздылығын жан жақты аша отырып, шығармашылық тұрғыдан қабілеттерін дамыту.

ТЖО: Г.Қазыбаева.

Теректі негізгі мектебінде Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай 7-8-сынып оқушылары арасында тәрбие сағаты өтті.

Сынып жетекшісі:Жайықова Айтолқын



https://www.instagram.com/reel/Cw_0N6boI1H/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теректі негізгі мектебі бойынша 5 қыркүйек Қазақстан Халқы тілдері күніне орай " Тілім-соғып тұрған жүрегім" апталығы бойынша "Тіл кемел болашақтың кепілі" атты 7-9-тәрбие сағаты өтті.

Сынып жетекшісі: Жалмұқанова А.А



5 қыркүйек Қазақстан Халқы тілдері күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес "Тілім-тірегім, соғып тұрған жүрегім" атты салтанатты ашылу рәсімі өтті. Іс-шараға 1-9-сынып оқушылары мен ұстаздар қатыстырылды. Оқушылар алдағы өтетін апталық жоспарымен танысып, әдеби монтажымен жалғасты.

Мақсаты: оқушыларды өлең оқып, ана тілі туралы ән айтуға баулу, тіл туралы мағлұматтармен бөлісу.



https://www.instagram.com/reel/CxFOeOuIseV/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теректі негізгі мектебінде 7-8-сынып оқушылары және ата-аналар арасында тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

Түрі: Ой бөлісу.

Сынып жетекшісі: Жайықова Айтолқын.



Мектебімізде дублер күні өтті. Осы күні 7-8-сынып оқушылары барлық сабақтарда мұғалімдерді алмастырды. Осы жауапты іс-шараға балалар көп дайындалды: олар мұғалімдердің басшылығымен сабақ кестесін құрып, әр сабақтың жоспарын жазды. Тәнертеннен бастап мектепте ерекше атмосфера орнады, қыздар сәнді киініп, ұлдар костюмде галстук тағып осы күнді қызықты да, мазмұнды жетіп көрсетуге тырысты. Осы күні мектептегі тәртіп биік деңгейде болды. Дублер күні - бұл оқушылар нағыз мұғалімдер бола алатын күн, сабақтарды жүргізудің маңызды екендігін сезіне алады. Осы күні мектеп

директоры - Төлегенова Айжаным (8-сынып) және директорының оқу жөніндегі орынбасары–Жұмаш Ақерке (9-сынып), болды. Күн қорытындысы бойынша дублер болған оқушылар жиналыс өткізіп, әр қайсысы өз пікірлерімен бөлісті және мұғалім болу тек қана қиын емес, қызықты екен деген ортақ ойға келді.



https://www.instagram.com/reel/CyBEROLlpP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теректі негізгі мектебінде қазан айында кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша 7-9-сынып оқушылары арасында "Біз қылмысқа қарсымыз" атты дөңгелек үстел өтті. Қазіргі таңда өмірге көзқарастары толық қалыптаспаған жастардың арасында қылмыстың жасалуы жиі кездеседі. Жастардың арасында қылмыстың көп жасалуына отбасында берілген тәрбиеге, ата-ананың балаға көңіл бөлуіне де байланысты. Жастар арасында патриоттық сезімін, мәдени құндылықтарды дамытып тәрбиелеу, құқықтық сауаттылығын ашу керек. Жастар арасындағы қылмыс қоғам ауруы, оны емдеу қажет және алдын алу шараларын қолдану керек. Бұл іс-шараның тәрбиелік мәні зор. Оқушылар көп мағлұматтар алды.

25 қазан Республика күні мерекесінің іс-шара жоспарына сәйкес 5-6-сынып оқушылары арасында "Менің арманымдағы Қазақстан" тақырыбында эссе өткізілді.



https://www.instagram.com/p/Cynnfbs9pU/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теректі негізгі мекетбінде 25 қазан "Республика күні" мерекесі мен "9 ай - 9 іс-шара" жобасының жоспарына сәйкес 23 қазан Мемлекеттік Гимнді орындау шарасы өткізілді.



https://www.instagram.com/reel/CyvfSqwo9vy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRiODBiNWFiZA==

Теректі негізгі мектебінде 2-3-сынып оқушылары арасында "Қазақстан еліне виртуалды экскурсия" атты тәрбие сағаты өтті.

Сынып жетекшілері: Беисова А.
Аяпбергенова Б.



https://www.instagram.com/reel/CyxdzxsA_oO/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRiODBiNWFiZA==

"9айға 9шара" жобасы аясында "Спорттық эстафета" сайысы 5-6-7-8-9 кластар аралығында ұйымдастырылып өткізілді. Шикұдық және Теректі командасы болып өнер көрсетті. Белсенділік танытып 1орынға ие болған Шикұдық командасы мақтау қағазымен марапатталды.

ТЖО: Г.Қазыбаева



https://www.instagram.com/p/Czqe03tIiIH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRiODBiNWFiZA==

"Қатігездік пен зорлық -зомбылықсыз балалық шақ" атты апталығы бойынша оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мен кешкі мезгілдегі тәртібі туралы және "Қауіпсіз әлеуметтік желі" бағытында ата-аналарға кеңес өткізілді.



https://www.instagram.com/p/CztKoyToRH1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

"Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты онкүндікте 1-4сыныптар арасында тәрбие сағаты ұйымдастырылып өткізілді.

Сынып жетекшілер: Б.Бауеденова
Г.Жұмабаева



ақырыбы: «Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын» тренинг

Мақсаты:

Оқушыларға зорлық зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның ең жаман қасиеті екенін айту.

Адамның ең басты құндылығы оның бостандығы, олай болса оқушыларға адамзаттық құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы үйрету

Зорлық –зомбылық адам ағзасына тікелей әсер ететінін түсіндіру.

Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бамауға тәрбиелеу, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау.

Мектеп психологы: А.Кошкарбаева
ТЖО: Г.Қазыбаева



https://www.instagram.com/p/Cz249xWotOW/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

8-9 сынып оқушыларының "Зорлық-зомбылыққа жол жоқ" тақырыбында дайындаған видеоролигі. "Үнсіз қалма", "Өзіңді таңдау ұят емес", "Зорлық-зомбылыққа жол жоқ" ұранымен бірлесе отырып жасалған жұмыс.

Мектеп психологы : А.Кошкарбаева

ТЖО: Г.Қазыбаева



https://www.instagram.com/reel/Cz5cQpTI42n/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теректі негізгі мектебінде 21 қараша күні "Білім шыңы" атты 5-9-сынып оқушылары арасында зияткерлік сайыс өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың жан-жақты білімдерін тексеру, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін шыңдау. Өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.

Өткізген:аға тәлімгер Томина М.Ю

ТЖО: Қазыбаева Г.Е.



https://www.instagram.com/p/Cz-rhf-Cmaq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

"Спортты ал Серікке" тақырыбында 2_3_4 сыныптар арасында жарыс ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: оқушыларды денсаулықты сақтауға баулу.Спортқа деген қызығушылығын арттыру.

Өткізген: Ғ.Досқазиев

Тжо: Г.Қазыбаева



https://www.instagram.com/p/Cz_jhZHoAOi/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Тақырыбы: "Сәкеннің сыр сандығы".

Жоспарға сәйкес Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130жылдығына орай 7-8-9сыныптар арасында әдеби кеш ұйымдастырылып өткізілді.

Өткізген: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі А.Жалмұқанова.

ТЖО: Г.Қазыбаева

https://www.instagram.com/reel/C0LZJr8IDX-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

"Жолда жүру ережелері"

Өткізген сынып жетекшілер : Б.Бауеденова,А.Бейсова,Б.Аяпбергенова,А.Әжібаева.



https://www.instagram.com/reel/C0MgKw5IYZ1/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIO DBiNWFIZA==

Тақырыбы: "Адастырушы діни ағымдар"

Мақсаты: Қазіргі кезде қоғамымызды, адам санасын улап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын санасына, өміріне деген қаншалықты зиян келтіріп жатқанын көптеп естіп жүрміз. Міне осы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып, біздің мұсылман дінімізде оларды қолданудың зияны мен күнәсі көрсетілген. Осы адастырушы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет беру.

ТЖО: Г.Қазыбаева



https://www.instagram.com/reel/C0ROjF_IhyL/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIOD BiNWFIZA==

Алтын сақа жобасы аясында ұйымдастырылған "Бес асық", "Ханталапай" ойындары 5-6-7-8 кластар аралығында ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты:

ТЖО: Г.Қазыбаева



https://www.instagram.com/reel/C0Rr8vZiyEJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIOD BiNWFIZA==

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлық қоғамды қатты алаңдатып отырған келеңсіз көріністердің бірі. Осы індеттің алдын алу, жемқорлықты болдырмау, сыбайлас

жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» атты өзін өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 7-9-сынып оқушыларының қатысуымен «Жемқорлыққа жол жоқ» атты челендж ұйымдастырды.

Мақсаты: Өскелең жас ұрпақты адал жолмен жүруге, адалдыққа үйрету. Оқушыларға парасататтылық, адалдық, әділдік, сенім, «ар-ұждан» ғылымы құндылықтарын барынша насихаттау. Сыбайлас жемқорлықтың көріністерімен, одан туындайтын қоғамның тұрақты және қауіпсіз дамуына қатер төндіретін сыбайлас жемқорлықты болдырмау. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарды негізге ала отырып, құқықтық мағлұмат беру.

Өткізген: Томина М.Ю



https://www.instagram.com/reel/C0tpekcoriG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теректі негізгі мектебі бойынша 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай 2-3-сынып оқушылары арасында "Елімнің ертені Тәуелсіздік" атты сурет көрмесі өткізілді.

Мақсаты: жас ұрпақтың бойында Отанға деген патриоттық сезімді қалыптастыру, балалардың шығармашылығын дамыту мен насихаттау.

Өткізген: Томина М.Ю



https://www.instagram.com/reel/C0tp0SJqiN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теректі негізгі мектебінде 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған "Тәуелсіздік-ел ертеңі" тақырыбында 1-9-сыныптар аралығында тәрбие сағаты ұйымдастырылып өткізілді.

Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апаларының ерлігін үлгі етіп көрсету.

Өткізген: сынып жетекшілер.

ТЖО: Г.Қазыбаева



https://www.instagram.com/reel/C02EexkLB1T/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теректі негізгі мекетебі бойынша жаңа жылдық мереке өткізілді. Мектебімізде "Қош келдің, Жаңа 2024 жыл" атты ертеңгіліміз ұйымдастырылып өткізілді.

"Үздік сынып жетекші" Жайықова А.

"Белсенді ана" Рахметова Шынар Нұрсұлтанқызы.

"Жыл оқушысы 2023ж" 8-класс оқушысы Төлегенова А.

"Дарынды оқушы" 6-сынып оқушысы Жайықова А.

"Үздік актриса" 9-сынып оқушысы Жұмашова А.

ТЖО: Г.Қазыбаева



https://www.instagram.com/p/C1aIAWdofMZ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Теректі негізгі мектебінде рәміздер күніне орай «Мемлекеттік рәміздер – ұлттық мақтанышымыз» атты дөңгелек үстел өтті. Оқушыларға Отанымыздың ұлттық мақтанышы – мемлекеттік рәміздер екенін онда мемлекетіміздің рәміздері туралы білімдерін толықтырып, құрметтеуге үйренуге, кез келген мемлекеттің айшығы – мемлекеттік рәміздер екені түсіндірілді. Дөңгелек үстелді еліміздің Гимнімен басталды. Елін, жерін сүю мен Отанға деген адалдықтың бір белгісі – мемлекеттік рәміздерімізді қадір тұту екенін айтылды.

Мақсаты:

I. Елтаңба, Ту, Әнұран туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту.



"Кітап - асыл қазына" тақырыбында 2_3 сыныптар арасында тәрбие сағаты өткізілді.

Өткізген: А.Бейсова, Г.Жұмабаева



"Алаш зиялылары" тақырыбында 9-класс оқушылары арасында тәрбие сағаты өткізілді.

Өткізген: Жайықова А.



Теректі негізгі мектебі бойынша 31 мамыр қуғын сүргін құрбандарын еске алу мақсатында 1-9-сынып оқушылары арасында тәрбие сағаттары өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының тарихындағы қасіретті кезеңде солақай саясаттың құрбаны болған қазақ халқының зиялылары туралы мағлұмат беру, олардың есімдерін құрметтеуге, ұмытпауға тәрбиелеу, сондай-ақ сол уақытқа тәуелсіз ел ұрпағының көзімен баға беру



Теректі негізгі мектебінде өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында 2-3-сынып оқушылары арасында "Өрт тілсіз жау" атты дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар өрт қауіпсіздігі ережелерімен танысты.

Мақсаты: Оқушыларға су және өрт қауіпінен сақ болу және жолда жүру ережелерімен таныстыру. Оқушылардың жолда жүру ережелері, су және өрт қауіпсіздігі ережелері туралы білімдерін қалыптастырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге машықтандыру.



Ата-аналар жиналысы

Тақырыбы: Баланың бас ұстазы ата ана

Мақсаты:

1. Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.
2. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
3. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.

Міндеті:

1. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата - ананың жауапкершілігі.

2. Мектепте ата - ананың оқу - тәрбие саласындағы рөлі.
3. Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата - ананың бірігіп жұмыс жасауы.



Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының бастамасымен "Менің мектебім буллингке қарсы" жалпы республикалық флешмобына Теректі негізгі мектебінің оқушылары белсенді атсалысты.

Өткізген: психолог Кошкарбаева Асем.

@oiyl_bilim_bolimi



Теректі негізгі мектебінде 15 мамыр халықаралық отбасы күніне орай 7-8-сынып оқушыларының сынып жетекшісі Жалмұқанова Аяжан Асқарқызы "Отбасы-бақыт мекені" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өткізді.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға отбасы тәлім-тәрбиенің негізі екенін ұғындыру, ата-ана мен бала арасындағы сыйластықты нығайту, балаға тәрбие беріп, өз ойларын айтуға үйрету, жауап беру қабілеттерін дамыту.

Сабақта «Жүректен — жүрекке» шеңберін, «Ашық микрофон», «Тілек ағашы әдісін тиімді пайдаланып «Эссе» жаздыртып видеороликтер көрсетілді. Сабақ жақсы өтті.



Тренинг тақырыбы: Отбасы бақыт мекені.

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым - қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.



Мектебімізде "Менің сыныбым буллингке қарсы" атты челлендж ұйымдастырылды. Бұл челленджді Әнуар Дербісалин атындағы қазақ орта мектебіне жолдаймыз.

Мақсаты: Балалармен жасөспірімдердің буллингке қарсы сана-сезімін қалыптастыру, осы қауіпті әлеуметтік құбылысқа белсенді қарсы тұруға деген ұмтылысты тәрбиелеу.

Өткізген: мектеп психологы: Кошкарбаева А.Н

Сынып жетекші: Жалмұқанова А



Теректі негізгі мектебінде 7-8-сынып оқушылары арасында тал егу акциясы өтті. Тал егу акциясы – өте маңызды іс екені сөзсіз. Тал – бейбітшілік нышаны, табиғаттың нәзіктілігі және оны қорғау қажеттілігін еске түсіретін белгі. Еккен талдар мектебіміздің экологиялық жай-күйін жақсартатыны да сөзсіз. Акцияға қатысқан оқушылар: «Бүгін еккен ағаштар тамыр тартатынына сенімдіміз. Алдағы уақытта жасыл желектің әсерінен ауа тазарып, қолайлы микроклимат қалыптасады», – деді.

Тал егу жұмысы арқылы болашақ ұрпаққа табиғат анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамитынын ұғындыру парыз. Қоршаған ортаның жақсаруына өз үлесін тигізу үшін акцияға Жас Қыран оқушылары мектебіміздің ауласы абаттанып, шырайын әрлендіре түсу үшін өз күштерін аямайтындарын атап өтті.



Тәрбие сағаты.

Тақырыбы: "Менің Отбасым"

Мақсаты: Отбасындағы тәрбиенің бала тәрбиесіндегі маңызы, отбасы құндылықтарын сақтау.

Сыныбы: 1-сынып

Сынып жетекшісі: Б.Аяпбергенов



Теректі негізгі мектебіне 1965 жылғы туған түлектері Құлниязов Ермек, Садуов Абай ауыл азаматтары мектеп ауласына "Туған Өлкем" атты жобасы аясында алма, қара өрік, жасыл шырша ағаштарын отырғызды.



"Буллинг пен кибербуллинг дегеніміз не?" Тақырыбы бойынша ата-аналарға жиналыс өткізілді.

Бала біздің жарқын болашағымыз, болашаққа деген үмітіміз. Осы жолда бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата-ананың басты міндеттерінің бірі. Қазіргі технологияның қарыштап дамып жатқан заманында, балаларымызды кибербуллингтен қорғау, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету ата ана мен ұстаздардың парызы. Осы орайда, балалардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында ата-аналар мен ұстаздардың үнемі назарында ұстауы қажет екені айтылып, ақпараттарды түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Шахмат челленджі 7-8-9-сыныптар аралығында өткізілді.

Қатысқан оқушы саны: 10

«Шахмат ойнау» челленджі

Шахмат-көне тарихы бар зияткерлік ойын. Қазір-ең көп таралған үстел ойындарының бірі. Шахметтың тәрбиелік мәні бар: ол тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді, логикалық ойлауға және өз іс-әрекетін жоспарлауға үйретеді, зейіннің шоғырлануын дамытады.

Шахмат- жинақылық, сыни тұрғыдан ойлау, абстрактілі ойлау, есептерді шешу, үлгіні тану, стратегиялық жоспарлау, шығармашылық, талдау, синтез және бағалау сияқты өмір бойы ақыл-ой дағдыларын дамытатын шексіз зияткерлік жаттығулар.

Мақсаты: білім алушылардың зияткерлік қабілеттерін дамыту

Міндеттері:

- ✓ білім алушылардың шахмат ойнауға қызығушылығын қалыптастыру;
- ✓ білім алушылардың сыни және логикалық ойлауын дамыту;
- ✓ челлендж қатысушылары арасында қарым-қатынасты жақсарту;
- ✓ еліміздегі білім алушылар арасында шахмат ойынын кеңінен насихаттау.



Наурыз мерекесіне орай арналған " КҮЙ КҮМБІРІ" Республикалық домбырашылар челленджі. □

Мақсаты: білім алушылардың рухани- адамгершілік мәдениетін, эстетикалық патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, балалардың домбырада орындау өнерін насихаттау.

Қатысқандар:

Ата-ана: Кенешова К.

Оқушылар саны: 12

ТЖО: Г.Қазыбаева



7-8-9 сынып оқушылар арасында "Мен өмірді сүйемін!" Тақырыбында тренинг өтті.

Тренинг мақсаты:

оқушылардың өмір туралы көзқарастарын анықтау және өмірді қалай сүйетіндерін байқау; өмірдегі орны қандай деңгейде бағаланып жатқанын қаншалықты білетіндерін анықтау.

Міндеті:

- Оқушылардың эмоционалдық көңіл-күйін жақсарту;
- оқушыларды өз өмірінің мәнін түсіне білуге, рухани өсуге және жақсы мен жаманның аражігін ажырата отырып, өмірлік айқындамасын белгілей білуге үйрету;
- Оқушыларды өз өміріне, өз сөзі, ойы және әрекетіне мұқият болуға тәрбиелеу;
- Оқушылардың ойын ашу, өмірге деген жағымды көзқарасын қалыптастыру.

Мектеп психологы А.Қошқарбаева

ТЖО: Г.Қазыбаева



"Жасөспірімдер арасында буллингтің алдын алу" бойынша 7-9 сынып оқушылар арасында "Бәріміз бірдейміз, кемсітуді білмейміз" тренинг сағаты өткізілді.
"Буллингтің алдын алу" бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Теректі негізгі мектебінде "Студенттік өмір ерекше әлемі" атты оқушылар мен студенттер арасында кездесу кеші өтті. Кеште оқушылар студенттерден өздері қалаған мамандық, оқу үрдісі, болашаққа деген мақсаттары, жоғарғы оқу орындары туралы сұрақтар қойып, өз сұрақтарына толыққанды жауап алды. Алдағы уақытта мектепті аяқтағалы отырған жасөспірімдерге олар өз тараптарынан жоғары білім алу үшін тынбай іздену, жан-жақты болу керектігін айтып кеңестерімен бөлісті. Кездесу барысында жастар мен оқушылар арасында түрлі ойындар ойнатылды. Шараның соңы студенттердің ақ тілектерімен аяқталды.

Өткізген: Томина М.Ю



Теректі негізгі мектебінде қысқы каникульді тиімді ұйымдастыру мақсатында "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Кітап менің сырласым" атты тақырыбында 1-4-сынып оқушылары арасында дөңгелек үстел өтті.

Мақсаты: білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызын, ғылым мен білімінің пайдасы жөнінде түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.

Өткізген: Мектеп кітапханашысы: Кенжебаева А



□□ Теректі негізгі мектебі бойынша "Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында "Желтоқсан-азат рухтың жаңғырығы" атты тақырыбында кітап көрмесі өтті.

Кітап көрмесінің мақсаты-Оқушыларды әрбір қазақстандық тағдырында бетбұрыс болған Желтоқсан оқиғасын бейнелейтін материалдармен таныстыру, өскелең ұрпақтың бойында патриоттық, Отанға деген сүйіспеншілік қасиеттерін дағдылау.

Мектеп кітапханашысы: Кенжебаева А



Теректі негізгі мектебінде 25 қараша күні "Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет" тақырыбындағы онкүндіктің жоспарына сай аға тәлімгер М.Томина "Менің құқығым" тақырыбында тренинг өткізді.

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімін тексере отырып, өз мүдделерін қорғай алатын, өзіндік ұсыныс пікірлері мен көзқарастарын, ойларын ашық айтатын, кемер ойлы, елжанды азамат ретінде тәрбиелеу.

Сонымен қатар мектеп парламентінің дебат фракциясының мүшесі 8-сынып оқушысы Жұмашова Ақерке "Білімділер бәйгесі" атты тақырыбында 3-5-сынып оқушылары арасында сайыс ұйымдастырды.

Мақсаты: оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыру, қызықтыру арқылы білімін тереңдету, зияткерлік қабілетін дамыту.



Теректі негізгі мектебінде Роза Бағланова Тәжібайқызының 100 жылдығына орай 2-9-сынып оқушылары аралығында "Сол бір кеш" атты тақырыбында әдеби-сазды кеш ұйымдастырылды. Кеш барысында қазақ халқының бұлбұл әншінің өмірімен, шығармашылықтарымен таныстырылды.

Роза апамызың шығармашылығындағы:

- "Айналайын"
- "Еркем -ай"
- "Әдемі-ау"
- "Қайдасын"
- "Сен сұлу" - әндері шырқалды.

Мақсаты: Қазақ халқының әншісі Роза Бағланова өмірімен, шығармашылықтарымен таныстыру. Ұлтымыздың вокалді оркестрінің қайраткерлер өмірімен таныс болу. Музыкалық білімдерін, ән орындауға дағдыландыру. Роза апамыздың соғыс кезіндегі ерлермен бірге қиындықты көрсе де, әнімен көңілдерін жұбатқан. Қазақтың бұлбұл әншісін ұрпақтан-ұрпаққа паш ету.

Өткізген: Аға тәлімгер Томина М.Ю.



Теректі негізгі мектебінде 23 қараша "Құқықбұзушылықтың алдын алу басты міндет " онкүндіктің іс-шарасына орай мектеп парламентінің ұйымдастыруымен АПФ форматында 7-8-сынып оқушылары арасында пікірсайыс өткізілді.

Пікірсайыс қарарлары:

БП: "Қазіргі таңда балалар құқығы қорғалып жатыр деп есептейді"

БП: "Феменизм ақталады деп есептейді"

БП: "Оқушылар мектеп формасын сақтауға міндеттейді деп есептейді"

Пікірсайыс барысында оқушылар белсене қатысып өз ойларын ортаға салды.

Дебаттың мақсаты: оқушылардың қоғамдағы білім беру мәселелері, білім ресурсы туралы ақпараттық тұрғыда ой қозғауы. Сөз шеберлігін, өз пікірін анық айтып, дәлелдеме келтіру қабілеттерін дамыту.

Сонымен қатар оқушылардың ораторлық қасиетін арттыру және де оларды көшбасшылыққа тәрбиелеу болып табылады.

Дебат клубының жетекшісі: Томина М.Ю.



Теректі негізгі мектебі бойынша "Қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты апталықтың жоспарына сай 4-сынып оқушылары арасында "Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ" атты тәрбие сағаты өткізілді.

Мақсаты: оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туалы мағұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық жасамауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбилеу.

Сынып жетекшісі: Бауеденова Б.Х



Бүгін мектебімізде 4-9-сынып оқушылары арасында, "Таза-табиғат" экологиялық акциясы негізінде, сенбілікке шығып, мектеп ауласы мен стадионға тазалық жұмыстары жүргізілді. Сынып жетекшілер: А.Жалмұқанова



Теректі негізгі мектебінде "Жас ұлан және өзін өзі басқару" ұйымының белсенді мүшелері арасында "Нашақорлыққа жол жоқ" атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстел сұхбат, әңгімелесу, пікірталас арқылы өтті. Оқушылар темекі, арақ, есірткі ұғымы туралы жалпы ойларын ортаға салды. Темекінің зияны туралы бейнебаян көрсетілді. Бейнебаян бойынша оқушылар өз ойларын ортаға салды. Дөңгелек үстел мақсаты: оқушыларға темекі, арақ,

есірткі, ЖҚТБ – ның қазіргі таңдағы адамзаттың басты проблемасы екенін,оның зиянды жақтарын түсіндіру, ғасыр дертіне айналып отырған кеселдердің залалын жан – жақты меңгерту,зиянды заттардан барынша аулақ болуға шақыру, сана – сезімдерін дамыта түсу. Мақсаты: Адамдарға жақсылық ойлау, ондағы адалдық, әділдік, шыншылдық сияқты адами құндылықтардың алтын орны, олардың адамдар үшін маңызы жайлы, адалдық пен шыншылдыққа, әділдікке бағдарлай отырып, әдептілік ережелерін қадағалауды үйрету; Күтілетін нәтиже: Оқушы ізденіске ұмтылады, оқығанын талдап, мәнін аша біледі, ой қорытады, аз сөзбен түйіндеуге дағдыланады. Адами қасиеттерді, адалдық, шыншылдық, әділдікті бойына сіңіреді. Әлеуметтік жағынан дамыған, ұшқыр, ұтымды ойлап, белсенді қимылдайтын, өзгенің пікірін сыйлап, төзімділікпен тыңдай білетін саналы азамат болып қалыптасуға дағдыланады.

Өткізген:

Аға тәлімгер:Томина М.Ю.



Қарттар күніне орай ұйымдастырылған "Қарттарым аман-сау жүрсін" тақырыбында 7-8 сынып оқушылары арасында қарт әжелер мен сыр сұхбат түрінде ашық тәрбие сағаты өткізілді



"Оқуға құштар мектеп" жобасы бойынша "Тіл - ұлт қазынасы" атты білімділер сайысы ата-аналар мен оқушылар арасында ұйымдастырылып өткізілді. Жүлделі орынға ие болған отбасылар мақтау қағаздарымен марапатталды.

Өткізген: А.Жайықова

Гуманитарлық пәндерінің бірлестік жетекшісі: А.Жайықова.

ТЖО: Г.Қазыбаева



Отбасы күніне орай ұйымдастырылған апталықта "Мен және жанұям" тақырыбында 5-6-7-8 сынып оқушылары мен ата-аналарының арасында сайыс өткізілді. Нәтижесінде 1орын жеңіп алған Жайықовтар отбасы, 2орынға Төлегеновтер отбасы, 3орынға Халеловтар отбасы және Есқалиевтер отбасы мақтау қағаздарымен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

□□Мақсаты: оқушыларды отбасы құндылықтары мен бауырмалшылық, қамқоршылық, ауызбіршілік қасиеттеріне баулу. Еңбекқорлық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

ТЖО: Г.Қазыбаева.